ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

28 шілде 2023 жыл № 1112-23-00-2/1590 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақмола облысы білім басқармасының Щучинск қаласының «Білім-инновация» IT лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Сейдалиев Алихан Баскарович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Ақмола облысы білім басқармасының Щучинск қаласының «Білім-инновация» IT лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Сейдалиев Алихан Баскаровичке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Сейдалиев Алихан Баскаровичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Сейдалиев Алихан Баскаровичтен мемлекеттік пайдасына 7 497,50 (жеті мың төрт жүз тоқсан жеті) теңге (елу) тиын тұрақсыз айыбы және 1 950 (бір мың тоғыз жүз елу) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Құжатқа қол қойылған: Бегенбаева А. С., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.09.2023, судья Бегенбаева А. С., 26.10.2023

1112-23-3-1/1858